

## Алаштың ардақтысы

Тірі жүргенінде ол елімен бірге жетпіс жылдық мерейтойының ортасында болатын еді. Бірақ тағдыр оған жазбалы, академик Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин 69 жасында дүниеден өтті. Өмекен немес ойшылы Себастьян Брандтың: “Дүниедегінің бәрі де өткініш, бәрі де тозады, тек ғылым ғана мәңгілік, бәрінен де озады” деген өткір ойын жиі қайталаушы еді. Бүгін осы сөздерді Өмекеннің өзі туралы айтуға тура келіп отыр. Ол ортамызда жоқ, бірақ артында ғылыми мол мұрасы қалды. Ол жазған ғылыми еңбектер, ашқан жаңалықтар, ұсынған пікірлер халқымыздың мәңгі өшпес рухани қорына өз үлесін қосып, ел игілігіне жаратылуда.

Өмекен 1936 жылы 4 қазанда Қостанай облысы, Сарыкөл ауданының Қараоба ауылында дүниеге келді. “Мен Отан соғысының зардабын көріп ескен ұрпақпын ғой. Әкем мен шешем танның атысынан күннің батысына дейін қолхоздың шаруасын істейтін. Мені олар сөзбен емес, өзінің тиянақты істерімен, еңбекқорлығымен тәрбиелеп өсірді, мені де жасымнан еңбекқорлыққа машық етті” - деп отыратын академик ағамыз.

Қараоба ауылы — Обаған өзенінің Құсмұрын көлін кесіп өтіп, Тобылға қарай бет алған сағасындағы талай арыстардың табан ізі қалған құтты мекен. Өмекен туған кезде кішкентай ауылда жұпыны мектеп болатын. Осы мектептің керемет байлығы — оның майталман ұстаздары болды. Мектепте бірнеше ұрпақтарға, оның ішінде Ғабит Мүсірепов пен Лияс Омаров сияқты арыстарға дәріс берген, сонау патша үкіметі тұсында гимназияны үздік бітірген, есімін ел жақсы білетін халық мұғалімі Бекет Өтетілеуовтің, суретші, скульптор әрі орыс тілі пәнінің мұғалімі Ахметқазы Ашутаевтың есімдерін Өмекен, оның сүйген жары, өзімен бірге осы Қараоба мектебін бітірген Райхан Ғаниқызы Мейірманова апамыз үлкен құрметпен айтып отыратын. Ал осы мектепте дәріс берген ұстаз Мырзағали Қарсақбаевтың болашақ ғалымның математика саласын тандауына, оған өзінің бар өмірі мен дарынын арнауына ерекше әсері болды. Мектепте кестелі сабақ біткеннен кейін Мырзакең нашар оқығандарды емес, математика пәнінен алда жүргендерді алып қалып, оларға қосымша сабақ жүргізеді екен. Сөйтіп, осы мектептің 9-10 сынып оқушылары сол кездегі ең қиын, күрделі, Мәскеу мемлекеттік университетіне түссем деген үміткерлерге арналған Моденов жинағындағы барлық есептерді шығарып, оларды шығару тәсілін игерген екен. “Менің өмір жолымды тандауыма ұстазым Мырзакеңнің әсері ерекше болды, математика саласындағы ізденістерімнің бастауы осы ұстазымның шебер дәрістерінен туды” деп отыратын Өмекен.

Осы тандау, осы бастау Өмірзақ Сұлтанғазинді Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне жетеледі. Оған түсу оңай болғанмен, табанды еңбек пен табиғи дарынның негізінде ғана ол ғалым-математик болып қалыптаса бастады. Көрнекті ғалымдар Константин Персидский, Асан Тайманов, Орынбек Жәутіков, ҚазМУ-дің сол кездегі ректоры, математик Аскар Закарин, физика-математика факультетінің деканы Хасен Ибрашев студент Сұлтанғазиннің талабын тез танып, оның дарынын ашуға өздерінің ұстаздық үлестерін қоса білді. “Біздің қазақ жастары математика саласына өте алғыр” — деп Өмірзақ Махмұтұлы жиі айтып отыратын. Осы пікірдің растығына ешкім күмән келтірмейді. Қазақ ғылымының жетекші саласы — математика. Сол саладағы ғалымдардың қатарында Өмірзақ Сұлтанғазин де бар. Оның еңбектері бүгінгі таңда көптеген елдерге мәлім.

“Математика ғылымын, оның жалпы ғылымға да, қоғамның дамуына да әсерін қалай түсіндірер едіңіз?” деп бір журналист Сұлтанғазинге сұрақ қойған ғой. Сонда “Математика деген айсберг тәрізді. Қарапайым жұрт оның тек судың бетіндегі қолданбалы математика атты бөлігін ғана көреді. Орасан зор бөлігі мұхиттың астында екенін біле бермейді. Математика да шығармашылық ғылым. Ол көптеген ғалымдардың дамуының кілті деп айтуға болады. Бұл ғасыр — математика дамуының алтын ғасыры. Оның ең ірі өзгерістерін біз —

жұмысына арналды. Ал бұл есеп қолға қарындаш алып есептей салатын дүние емес. Ол үлкен теориялық дайындықты қажет етеді” — дейтін академик.

Осындай жоғары теориялық дайындықтың арқасында “Больцман теориясына” өзінің дербес үлесін қосқан Өмекен өлем денгейіндегі ғалымдардың санатына қосылды. Академиктің еңбектеріне дүние жүзі ғалымдары сұраныс салды, ол көптеген елдерде өткен өте маңызды ғылыми конференцияларға қатысты, шетел университеттерінде дәріс оқыды. Америка Құрама Штаттарының, Францияның, Жапонияның, Германияның, Польшаның, Чехословакияның, тағы басқа мемлекеттердің университеттеріне, ғылыми орталықтарына арнайы шақырылып, оларда дәріс беруі академик Өмірзақ Махмұтұлының ғылыми еңбектерін, оның ғалымдық биік тұлғасын бүкіл дүние жүзі оқымыстыларының мойындағанының айқын айғағы еді.

1996 жылы Қазақстанда ұйымдастырылған ғылыми конференцияға Француз академиясының президенті, дүние жүзі ғалымдары өлемде №1 математик деп мойындаған Жак Лионс арнайы жеделхат жіберді. Конференция жұмысына тікелей қатыса алмағанына өкініш білдіре отырып, оның ұйымдастырушысы академик Сұлтанғазинге: “Мен сіздің ғылыми жұмыстарыңызды өте жоғары бағалаймын. Сіздің “Оупечи” журналында жарияланған Больцман теңдеулері туралы классикалық еңбегіңізді аса қызыға оқығаным өлі есімде. Новосібірде, Мәскеу мен Парижде кездесіп, сіздің лекцияларыңызды қызыға тыңдаған сәттерімді де ұмытпаймын. Франция академиясы мен барлық француздық өріптестеріңіздің атынан сізге шын жүректен шыққан сөлемімді жолдаймын!” деген жүрекжарды сөздерін арнаған.

1972 жылы КСРО Ғылым академиясы Сібір

Қазір мына бағыттарда жұмыс істеп жатырмыз: ел аумағындағы табиғи ресурстардың мониторингісі, биотехнологиялық тәжірибелер, медициналық, биологиялық, технологиялық және астрофизикалық, т.б. зерттеулер. Сонымен қатар, Отанымыздың экологиялық жағдайы мен табиғи ресурстар мониторингісінің жоба жүйесі өмірге келді. Мұны өлем оқымыстылары жоғары бағалап, қызығушылық танытуда. Қарапайым тілмен айтар болсақ, ғарыштағы жер серіктерінен қабылданатын ақпараттардың көмегімен ел аумағын алақандағдай көруге болады. Сол арқылы тиісті орындарға барлық жағдайларды хабардар етіп отырамыз.

Бізге тапсырыс та түсіп жатады. Мысалы, етінің шығымын есептеу, жердің бағасын анықтау, табиғи байлықтарды барлау, экологиялық қиындықтарды болжау және сол сияқты. Егер қаржыдан тапшылық көрмесек, оларды біз дер кезінде орындап шығуға мүмкіндігіміз мол”.

Жоғарыдағы пікірді академик Ө.Сұлтанғазин 1999 жылы айтып еді. Осыдан кейінгі 5-6 жылда ол ғарышты зерттеудің бұрынғыдан да ауқымды шараларын Үкімет назарына ұсынды. 2004 жылы академик “Ғарыштық мониторингтің қазақстандық ұлттық жобасын” жасауға арналған ғылыми-техникалық бағдарламаға басшылық етті. Оның басшылығымен “Қазақстанда ғарыштағы іс-қимылдың 2005-2007 жылдарға арналған” Мемлекеттік бағдарламасы жасалды, оны Республика Президенті өзінің арнайы үкімімен бекітті. Қазір Өмекен ортамызда жоқ, бірақ ол басшылық еткен аталмыш ауқымды бағдарламалар іс жүзінде аса бастады. Соның бір айғағы, осы жазда ғарышқа шыққан Қазақстанның тұңғыш жер



# ӘЛЕМ ҒЫЛЫМЫНЫҢ САҢҚЛАҒЫ

## Академик Өмірзақ Сұлтанғазин туралы ой-толғам

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.

бөлімінің Математика институтында Өмірзақ Сұлтанғазин “Тасымалдың бейстационарлық кинетикалық теңдеуі үшін сфералық гармоника әдісі” деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Сфералық гармоника тәсілдерімен өлемде көптеген ғалымдар шұғылданады. Олардың қатарында атағы баршаға мәлім С.Чандрасекар, Р.Маршак, Дж.Марк, Г.Бете, Л.Гонке, Б.Дэвидсон сияқты ғалымдар бар. Дегенмен кинетикалық теңдеу үшін жасалған тәсілдің толық негіздемесін Ө.Сұлтанғазин берді. Бұл да оның ғалым-математик ретіндегі өлем денгейіндегі белесін арттыра түсті, ғалымның шет елдердегі өріптестерімен байланысын нығайтып, ауқымын кеңейте түсті. Осы бағыттағы ізденістерге шәкірттерін жұмылдырып, математика саласында ғылыми мектебін ашты. Қазір де осы ғылыми мектептің ғалымдары жемісті еңбек үстінде.

серігі — Қазсат. Келешек жобаларда олардың өлі де бірнешеуі ұшырылмақ, қазақ елі космостық держава дәрежесіне қол созуда. Осыған қосқан Өмірзақ Сұлтанғазиннің үлесі орасан зор, ол Қазақстан ғарышының негізін салушысы да, шынайы атасы да бола білді. Сондықтанда оның еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Осы тұрғыдан тағы бір-екі тұжырым сұранып тұр. Қазақстанда ғылым, оның ішінде іргелі ғылым бар. Ондай ғылым мен оны зерттеп жүрген ғалымдар жоқ деп әртүрлі мінбелерден айтылып жүрген пікірлер жаңсақ, теріс деп білемін. Бұл бірінші. Екіншісі — Қазақстан ғылымының қоғамға берері, шаруашылық жүйесіне әсері жоқ немесе аз деген де негізсіз. Академик Ө.Сұлтанғазиннің, ол басқарған ғылыми мекемелердің істеген нәтижелі де, өте ауқымды істері осының айқын айғағы. Осындай ғалымдар мен ғылыми орталықтар Қазақстанда бүгінде баршылық.

Біз жоғарыда Өмекеннің тек ғылыми зерттеу-

Германия, Швейцария, Венгрия, т.б. елдер сатып алды. Мексика, Испания, КНДР, Австралия, Боливия мемлекеттері осы институт жасаған басқа да технологияларға қызығушылық танытып, тиісті лицензиялар алып жатты.

Химия институтының ашқан жаңалықтары Бразилия, Қытай, Австралия, Греция елдерінде патентке ие болды. Жамбылдағы суперфосфат зауыты осы академия химиктерінің ұсынған технологиясының негізінде жұмыс істеді. Органикалық катализ және электрохимия институты ғалымдарының ізденістері Жамбыл, Шымкент фосфор зауыттарының, Гурьев химия зауытының, Балқаш түсті металдар өндіру зауытының, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының сұраныстарымен жалғасып жатты.

Ядролық физика, физикалық техника институттарында жана, өте сапалы, оның ішінде кремний де бар, материалдар алудың тиімді технологиялары ашылды. Осының негізінде физика техника институты базасында бүгін өлем денгейіндегі ғылымға

себептері туралы қозғаған ішкілеріне толық қосыламыз. Біздің де академия президенті қызметінде жүрген кезімізде ғылымға бөлінген қаржы жылдан жылға азая берді, оның бір себебін сол кездегі Қазақстан экономикасының тығырыққа тірелген, қиын жағдайымен түсіндіруге болады. Дегенмен ең үлкен кемшілік — ел шаруашылығының ғылым нәтижесін игеруге самарқаулығы, ынта танытуға ұмтылмауы, сол күнінде қала берді. Ғылым мен өндірісті тығыз байланыстыратын тетік қалыптаспады.

Мысалы, 1995 жылы академияда өндіріске енгізуге дайын немесе тәжірибелік-өндірістік сынаққа дайын 184 технологияның тізбесі жасалынып, олар Үкіметке, коммерциялық банктерге, акционерлік кәсіпорындарға, жеке кәсіпкерлерге ұсынылды. Осы технологиялармен таныстыратын арнайы көрме ашылып, оларға министрлер, кәсіпорын басшылары шақырылды. Шетелдік мамандардың (оларды бізге Біріккен Ұлттар Ұйымы арнайы жіберіп еді) айтуынша, бізге ұсынған технологиялардың көпшілігінің деңгейі жоғары, ешкімнен кем түспейтін еді. Сондықтан да ғой, БҰҰ сарапшылары: “... ценность казахстанских институтов высоких технологий настолько высока, что они могут способствовать успешному развитию страны и вывести ее в ряд развитых государств. Более того, казахстанские научные центры не только обладают отличительной компетенцией в специфичных технологиях. Они также владеют мастерством исследования. Причем сравнительно менее дорогим, чем подобное мастерство можно приобрести в развитых странах”, — деп баға берген болатын. Жоғарыдағы пікірді БҰҰ сарапшылары Қазақстанға 1994, 1995 жылдары екі рет келіп, еліміздегі 23 ғылыми институттардың жұмыстарымен жан-жақты танысқаннан кейін айтып еді.

Өкіншке орай, осындай жоғары баға алған технологияларға ел ішінде сұраныс болған жоқ. Керісінше, шетелдіктер оларға қызыға қарап, бірқатарын сатып алып кетті. Осындай ғылымға деген самарқау көзқарастан біздің экономикалық жүйе әлі де арыла алмай отыр. Сондықтан да осыдан 4 жыл бұрын қабылданған индустриялық-инновациялық стратегияның орындалуы мардымсыз, қарқыны баяу. Дамудағы сынаржақтылықтан әлі айрыла алмай отырмыз.

Республика Президенті ғылымға деген қаржының алдағы жылдары 25 есе өсетінін айтты. Бұл өте дұрыс шара, ғылымға деген қамқорлықтың айқын нышаны. Осылай мемлекет тарапынан қолдау таппаса, Елбасы қойған асақ міндет — бәсеке қабілетті елу елдің санатына қосылуға ғылымның әсері аз, тіпті болмауы мүмкін. Дегенмен бұл мәселенің бір бөлігі ғана. Екінші, яғни күрделі мәселе — жалпы Қазақстан экономикасының, әрбір кәсіпорының, жеке кәсіпкерлердің ғылымға деген көзқарасын өзгертін, ғылым жаңалықтарын өндіріске енгізуге ынтасын арттыру. Бұл саясат, бұл тетік. Оларды терең зерттеп, іс жүзінде ғылым мен техниканың, өндірістің тығыз байланысын жасау, қамтамасыз ету алда тұрған үлкен міндет. Президенттің тікелей нұсқауымен Үкімет осыған белсене кірісті, іске сәт делік.

Ғылымға деген қамқорлықты өсіруді, пәрменді ғылыми-техникалық саясат жасай отырып елдегі өндірісті жанғыртудың, жарактандырудың керектігін академик Өмірзақ Сұлтанғазин жиі айтатын еді. Ол Қазақстан ғылымының ғазыз жаршысы, қамқоршысы бола білді. Ұлттық ғылым академиясы Өмекен басқарған тұста өз міндетін айбырлы атқарды деуімізге толық негіз бар.

Ғылыми қауымдастық Ө.Сұлтанғазиннің дарындылығын өте жоғары бағалады. 39 жасында Ұлттық ғылым академиясына мүше-корреспондент, 47 жасында толық мүшесі (академик) болып сайланды. Ол — КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Ғылым академиясының, Чехословакия Ғылым академиясы сыйлықтарын алды. Ресейдің К.Э. Циолковский атындағы Космонавтика академиясының мүше-корреспонденті, Қашықтықтан зондау жөніндегі Канада ғылыми қоғамының мүшесі. Қазақстанда математиктер ұлттық қоғамының төрағасы болды. Көптеген

төрізді. Қарапайым жұрт оның тек судын бетіндегі қолданбалы математика атты бөлгіні ғана көреді. Орасан зор бөлгі мұхиттың астында екенін біле бермейді. Математика да шығармашылық ғылым. Ал көптеген ғылымдардың дамуының кілті деп айтуға болады. Бұл ғасыр — математика дамуының алтын ғасыры. Оның ең ірі өзгерістерінің бірі — компьютер және компьютермен есептеу технологиясы. Ол сырт қарағанда темірден жасалынған дүние болғанымен, 90 пайызы математикалық бағдарламалардан, 10-ақ пайызы тегеріштен тұрады. Сондықтан математика ғылымының ерекше дамуы басқа ғылымдардың, әсіресе индустрия мен өндірістің дамуына үлкен әсерін тигізді. Математиканың екі негізгі міндеті бар: оның бірі теория, екіншісі - практика, яғни жасалынған теорияны жақсарту, не жана теория ашу және оларды іске асыру” деп түсіндіріпті Өмекен бұл ғылымның міндеті мен маңызын.

Өзінің ғылыми ізденістерінде академик Сұлтанғазин математика ғылымының осы екі саласын да бірдей қамтып, шығармашылықпен зор үлесін қоса білді. “Мен тек қана таза теориямен шұғылданып қоймай, өмірдің математикамен байланысты өзекті проблемаларын шешудің жолында болдым” дейтін ол. Ғалымның артында қалған мол мұрасы, ашқан жаңалықтары, қолданбалы математика негізінде іске асқан маңызды бағдарламалары оның жоғарыда айтқан пікірлерінің толық дәлелі.

Ғалымның жұлдызды жылдары ҚазМУ-ді үздік бітіріп, сонда ұстаздық еткен кезі, одан кейін атағы дүркіреп тұрған. Новосібірдегі Бүкілодақтық Ғылым академиясының Сібір бөлімінде алдымен аспирант болып, артынан ғылыми ізденістерін жалғастырған жылдары еді. “Новосібірде болашағын үміт күттіретін қазақтың бір баласы оқып жүр” деп ҚазМУ-дың ректоры Асқар Закарян өз замандастарына Өмекеннің есімін мақтанышпен айтқан екен. Сібір бөліміндегі математика институтында ол ғылым кандидаты, ғылым докторы нысанасын көздеген еңбектерін жазып, ойдағыдай қорғады. Аталмыш институт, жалпы академияның Сібір бөлімі сол кездерде тек Одақ көлемінде ғана емес, барша әлем ғылымында дәрежесі зор ғылыми орталық болды. Мұнда дүниежүзі ғылымына зор үлестерін қосқан академиктер Л.В.Конторович, Г.И.Марчук, М.М.Лаврентьев, С.Л.Соболев, В.С.Владимиров, С.К.Годунов, тағы да басқа ғылым санлақтары қызмет атқарды. Осы ғалымдардың ортасында Өмірзақ Сұлтанғазиннің де дарыны ашыла түсті. Аталмыш ғалымдар қоғамның ең өзекті ғылыми-техникалық проблемаларымен, оларды шешу жолдарымен шұғылданып еді. Өмекен академик Л.В.Конторовичтің математикалық экономика саласындағы ғылыми семинарына белсенді қатысқан азамат еді. Кейін Л.В.Конторович осы саладағы еңбектері үшін Нобель сыйлығын иеленді.

Кейіннен осы семинардағы алған ілімі мен тәжірибесін Өмекен ғарыш өлемін зерттеу, геопараттық жүйе жасау, ғарыштан жер үсті мен астының байлығын зерттеу жұмыстарына тиімді пайдаланып жүрді.

Академик Г.И.Марчук ядролық реакторларды есептеу тәсілдерімен шұғылданды. Сол кезде отызға да толмаған Марчуктың еңбектері осы саладағы ғылымға үлкен жаңалықтар әкелді. Осындай дарынды ғалым кейін шебер ұйымдастырушы қабілетін де көрсете біліп, КСРО-ның ғылым ордасы — Ғылым академиясын жемісті басқарды. Марчук Сұлтанғазиннің ізденістеріне тікелей жетекшілік етті. Осы бір атом энергетикасы үшін өте маңызды салада Өмекен ғылыми жетекшісі Марчукпен тізе біріктіріп, ғылыми ізденістің жақсы нәтижелерін дүниеге әкелді.

Сұлтанғазиннің математика ғылымына қосқан жаңалықтары көп-ақ, оның ең ірілерінің бірі осы ғылымдағы өзекті проблема — “Больцман теориясына” қосқан үлесі. Осы жаңалық тек қана Қазақстанда немесе Одақ көлемінде емес, барша әлемдегі математика ғылыми қауымдастығына да Ө.Сұлтанғазин есімін танылған етті. Шетелдік жетекші ғалым-математиктер “Больцман теориясына үлес қосқан — Сұлтанғазин бағыты” деп Өмекен ашқан жаңалыққа арнайы айдар тақты, өз еңбектерінде осы жаңалыққа сілтемелер жасап отырды. “Менің бұл жұмысым бір жағынан теорияға, бір жағынан практикаға байланысты. Сібір академиясындағы ғылыми ізденістерім ядролық реакторларды есептеу

өлем деңгейдегі еделін арттыра түсті, ғалымның шет елдердегі әріптестерімен байланысын нығайтып, ауқымын кеңейте түсті. Осы бағыттағы ізденістерге шәкірттерін жұмылдырып, математика саласында ғылыми мектебін ашты. Қазір де осы ғылыми мектептің ғалымдары жемісті еңбек үстінде.

Сөйтіп, Қазақстан ғылымын барша әлемге танытып, әлемдік деңгейге көтере білген Өмірзақ Сұлтанғазин болды. Ел ғылымының басқа елдердегі ғалымдармен қарым-қатынасының ауқымды да, тығыз байланыста болуына күш салды. “Ғылым дегеніміз — дүниежүзілік өркениет. Өйткені, ғылым барша халықтардың, жалпы адамзаттың мүддесі үшін қызмет етеді. Бір елде, бір өңірде ашылған ғылыми жаңалық дүниежүзі халықтарының игілігіне айналады. Ғылымда баршаға ортақ осындай принцип бар. Мен сондай мектептен тәлім-тәрбие алдым, сондай принциптен айнымай еңбек еттім. Қазақ ғалымдары дүниежүзілік өркениетке өз үлестерін қосып келген және болашақта да қоса беретіні анық. Ол үшін дүниежүзі ғылымы “осы бір жаңалықты қазақ баласы ашып қойыпты-ау” деп таршылық жасамайтыны белгілі” — деуші еді Өмекен.

Біз жоғарыда академиктің тек қана теориямен айналыспай, қолданбалы математиканың тиімді тәсілдерін ел экономикасының күрделі проблемаларын шешуге пайдаланып айттық. Бұл салада да Өмекен басқарған, ол ұйымдастырған іс-қимылдар сан алуан. Әрине, оның ашқан жаңалықтарына сөйкес Қазақстанда техникадан ауқымды, мысалы, ғарышқа ұшатын аппараттарды немесе ядролық реакторларды есептеу және оларды қолдану туралы ғылыми жоба жасау мәселелері қолға алынбады. Дегенмен, өнеркәсіп орындарын тиімді орналастыру, су жүйелерін реттеу, әртүрлі экологиялық түйіндерді шешу, жердің асты мен үстің жана тәсілдермен зерттеу, осы сияқты басқа да күрделі мәселелер Қазақстанда баршылық болатын. Өзінің ғылыми ізденістерінің нәтижелерін Өмекен осы мәселелерді тиімді шешуге арнады.

Ол ашқан тасымалдау тенденінің негізінде ғарыштық мониторинг бағдарламасы жасалды, осымен қатар атмосфералық құбылыстардың математикалық моделі де жасалды. Осының негізінде Алматы қаласы атмосферасының ластану болжамын жасап, оны Үкімет назарына ұсынды. Осындай озық математикалық модель әлі еш жерде жоқ дейтін ғұлама ғалым.

Өткен ғасырдың 90-жылдары һәм жана ғасырдың басында оның басқаруымен елімізде өте маңызды оншақты ғылыми конференция өтті. Онда көтерілген мәселелер, яғни Қазақстанның экологиялық жүйесінің математикалық моделі, қашықтан зондтау (дистанционное зондирование) тәсілдерін ауыл шаруашылығында пайдалану, КСРО-ның Орталық Азиядағы атмосфералық аэрозольдар, қашықтықты зондтауды табиғи байлықтарды зерттеуге қолдану, тағы басқа осындай күрделі проблемалар шетелдердің жетекші мамандарының қатысуымен талқыланды, сонда қаралған ұсыныстар Үкімет назарына ұсынылып, кейбіреулері біздің тәжірибемізде бүгін тиімді пайдаланылып отыр.

Академик Ө.Сұлтанғазиннің соңғы 15-20 жылғы ғылыми ізденістері ғарыш өлемін зерттеуге арналды. Соның негізінде Ғарыштық зерттеулер институты құрылды, Өмекен 15 жыл, өмірінің соңғы күніне дейін, сол ғылыми мекеменің басшысы болды. Енді осы институттың атқарған істері туралы академиктің өз сөзін келтірейік. Институттың “негізгі бағыты қашықтықтан зонд арқылы бағдарлаудың теориялық проблемаларын — қазақты ұғымға сәйкестендірсек — ғарыш сырын зерттейді. Осы уақытқа дейін институт қазақ халқының, бүкіл қазақстандықтардың мақтанышы, тұңғыш ғарышкеріміз Тоқтар Әубәкіровтың ғарышқа ұшу бағдарламасын жүзеге асырды. Екінші қыранымыз Талғат Мұсабаевтың төрт айлық сапарына арналған ғылыми-эксперименттік бағдарлама әзірленіп, ол да жоғары дәрежеде іске асып, табысты өтті. Бұлар көптеген елдердің зиялы өкілдерінен жоғары бағаға ие болғанын да айта кету жөн.

Осыдан төрт жыл бұрын жер серіктерінен алынатын ақпараттарды қабылдау мен өңдеу Орталығы құрылып, жүйелі жұмыс істеп жатыр. Яғни, бұл ғарыш өлемін зерттейтін құрал-саймандарымыздың, мүмкіндігіміздің бар екенін көрсетсе керек.

өсері, шаруа өнімдік жұмысы өскір жөк немесе аз деген де негізсіз. Академик Ө.Сұлтанғазиннің, ол басқарған ғылыми мекемелердің істеген нәтижелі де, өте ауқымды істері осының айқын айғағы. Осындай ғалымдар мен ғылыми орталықтар Қазақстанда бүгінде баршылық.

Біз жоғарыда Өмекеннің тек ғылыми зерттеулеріне, оның ашқан жаңалықтарына, олардың мән-маңызына тоқталдық. Мұндай біртуар азамат тек қана ғылыми ізденістермен шұғылданып қойған жоқ, сонымен қатар, көп жылдар ғылымды ұйымдастыру, басқару мәселесіне де тікелей араласты. Өл-Фараби атындағы Ұлттық университетте кафедра меңгерушісі, Ұлттық ғылым академиясының Математика және механика институтының директоры, академияның физика-математика бөлімінің академик-хатшысы, ҰҒА-ның вице-президенті, Ұлттық ғылым академиясының Президенті, Ғылым министрінің бірінші орынбасары, Ғарыштық зерттеу институтының директоры. Осы биік мәртебелі қызметтердің өзі академик Сұлтанғазин Қазақстан ғылымының көш бастаушыларының бірі емес, бірегейі болғанын көрсетеді.

Әсіресе, Өмірзақ Сұлтанғазиннің Ұлттық ғылым академиясының президенті болған жылдарын ерекше атап өтуге тұрарлық. Ол кезең өзі үшін де, ғылыми қауымдастық үшін де жемісті кезең болды. Абай атамыз айтқандай, “ақырын жүріп, анық басатын” Өмекен ғылым ордасында тиянақты іс-шаралар жүргізді. Іргелі ғылымның жана бағыттары дамыды. Қазақстанның Батыс, Оңтүстік өлкелерінде академияның бөлімдері ашылды, бірнеше ғылыми институттар бой көтерді, ғылыми ізденістерге жастар көптеп тартылды. ҰҒА-ның Одақ көлемінде де, шетелдік әріптестер алдында да беделі өсе түсті. Мен 1990 жылы ҰҒА президентінің Бас академик хатшысы болып сайландым. Ғылымның бас штабының басшысы ретінде шама келгенше барлық, әсіресе академияда жасалып жатқан күрделі, ауқымды ғылыми бағдарламалармен танысуға тура келді. Олар өте маңызды бағдарламалар еді, ізденіс деңгейі Одақ көлемінде жоғары болатын. КСРО Ғылым академиясының құрамындағы 15 республикалық академиялардың ішінде ғылыми ізденістердің деңгейі мен нәтижесі жағынан біз Ресей мен Украинадан кейін үшінші орынды тұрақты түрде алып тұрдық. Бұл тек Қазақстанда емес, бүкіл Кеңес одағы зиялы қауымының ортасында қалыптасқан пікір.

Осындай үлкен табыстарға академияның негізін қалаушы, аты мәшһүр ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегі ерекше болды. Кейін осындай жемісті жылдарды оның ізбасарлары — Ұлттық академияның президенті қызметін атқарған академиктер Шафик Шокин, Шахмардан Есенов, Асқар Қонаев, Мұрат Айтхожин жалғастырды. Академик Өмірзақ Сұлтанғазин де президент ретінде осы даму үрдісіне өзіннің мол үлесін қосты. Осы жылдары академия ғалымдары өндіріске керек тиімді технологияларды жасап, оны кәсіпорындарға ұсынып жатты. Мысалы, Балқашта мыс қорыту, Өскеменде металлургия өндіру, Павлодарда алюминий алу, Қарағандыдағы металлургия комбинатындағы технологиялар академия ғалымдарының ізденісін туған болатын. Ол жаңалықтар тек қана өз өндірісінде пайдаланылып қойған жоқ, сонымен бірге тиімділігін көріп, бізден көптеген елдер лицензиялар сатып алып жатты. Осы жылдары академия геологтары бірнеше жер қойнауындағы байлықтарды ашты, олар бүгінгі күні ел игілігіне пайдаланылуда. Физика, химия, биология, ядролық физика, металлогения саласындағы ғалымдар да ауқымды жаңалықтарымен елді қуанытты жүрді.

Дәлірек айтсақ, сол кездерде академия геологтары Оңтүстік Торғай, Каспий теңізінің төңірегін еліміздің басқа да өңірлерінде жер астынан мұнайды табу мақсатымен кешенді барлау, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде бай кен орындары ашылды. Күмкөлдес, яғни Торғай бассейнінде мұнай шығарудың мүмкіндігі сол кезде ғылыми жобаланып еді. Бүгін аталмыш бассейн Қазақстанның мұнай өндіріп жатқан, келешегі де мол, ірі өңірлерінің бірі болып отыр.

Сол жылдары түсті металдарды (мыс, мырыш, қорғасын, т.б.) қорытудың тиімді технологияларымен қатар, Металлургия және кен байыту институтында галлий металлургиясы, яғни галлий алудың технологиясы жасалынып, өндіріске ұсынылды. Аз уақыт ішінде елімізде галлий алу өндірісі 20 есе өсті, осы технологияның лицензияларын Жапония,

аустралия, Өскемен қаласындағы мұнай қорытынғын сураныстарымен жалғасып жатты.

Ядролық физика, физикалық техника институттарында жана, өте сапалы, оның ішінде кремний де бар, материалдар алудың тиімді технологиялары ашылды. Осының негізінде физика техника институты базасында бүгін әлем деңгейіндегі ғылымға қол созған ұлттық нанолaborатория жұмыс істей бастады.

Академияның жоғары энергиялық физика, астрофизика, ионосфера, молекулалық биология және биохимия, тарих және этнология, археология, әдебиет және өнер институттарында іргелі ғылымның нәтижелері дүниеге келді. Сол заманда академия ғалымдары, өзінің Одақ көлеміндегі әріптестерімен тығыз байланысын есептемегенде, 50-ден астам шетел мемлекеттерінің ғалымдарымен ортақ ізденістер жасаған екен.

Мен Қазақстан ғылымының, оның Ұлттық ғылым академиясының сол кездегі жұмысына кеңірек қолы жасадым. Оның басты себебі, кейінгі кезде қазақ ғылымына айтылып жүрген орынсыз сындар еді. Осындай сынды, әсіресе ғылыми шығармашылықтан алыс, оның қыры-сырын терең білмейтін азаматтардан еститініміз шыныдық.

Ғылыми ізденіс өте бір табандылықты талап ететін еңбектің түрі, ал ғалымдар ұлттық зиялы қауымның ерекше бір тобы. Олар өздеріне айтылып жатқан сындарға да жауап беруге уақыт табып алмайды және ондай дауекс мінез ғылым төңірегінде көп қалыптаспаған. Шынын айтсақ, ғалымдар эмоцияға сүйенбейді, білімне сүйенеді. Сондай-ақ, олар аптықпайды, аяғын дәл басалды, даңғыраған сөзден, шен-шекпенге, не болмаса атак-дәрежеге шатақпен таласатындардан бойын аулақ ұстайтын топ. Олардың намысы — ел намысы, Отан — намысы. Билікке таласпайды, баққұмарларға, шенқұмарларға жанаспайды. Президентіміздің — біздің халқымыздың көсемінің жағасынан алғысы келген өккі саясатшысымақтармен ауыз жаласпайды. Иә, ғылыми қауым — еңбекшіл ғана емес, қанағатшыл, шыдамды жұрт. Ең бастысы, біздер жасампаз халықпыз, біз жұртың жоқ қылағындар қатарынан емеспіз, біз жоқтан бар жасайтын қайраткер қауымбыз десем, еш артықтығы жоқ.

Академик Өмірзақ Сұлтанғазинде осы жақсы қасиеттердің бәрі бар еді, оның мерейтойын пайдалана отырып, ғылымға әділетсіз сын айтып жүрген ағайындарға ғылыми қауымдастықтың осы ерекшеліктерін ескерте кеткенді жөн көріп отырмыз.

Дегенмен осы қауымдастықтың істеген істерінің бәрі нәтижелі, ақауы жоқ десек, ол жаңсақ пікір болар еді. Кешегі тоқырау заманы кейбір ғалымдарды, ғылыми мекемелерді босбелбеулікке үйретті. Бір ашқан жаңалығына тоқмейілісіп жүретіндер де табылды. Ғылымға деген дайындығы жоқ, бірақ атағына мән болып жүретін жолбикелер де болды. Академиялық ғылымды ұйымдастыру ісінде де кемшілік болды.

Жалпылай айтқанда, ғылымды ұйымдастырып, дамытуда тек қана бізде емес, сол кездегі Одақ көлемінде де үлкенді-кішілі кемшіліктер жіберілді. Ең бастысы, ғылым мен өндірісті тығыз байланыстыратын тегеурінді іс-қимыл, тетік, тиімді саясат болмады. Екі шешуші арна — ғылым және өндіріс бірі-бірімен онша жанаспай, жеке дара жүре берді. Нәтижесінде Кеңес одағы, оның ішінде Қазақстан өндірісінің технологиялық деңгейі өте төмен, шетелдерден көп артта қалды. Отан экономикасының кешегі бір заманда құлдырауының себебі осында, оның салдары ғылымға да теріс әсерін тигізді.

Одан кейінгі себеп, ғалым мен ғылымның нәтижелі жұмыс істеуі үшін тиісті жағдай жасалмауында. Адам басына шаққанда бізде ғылымға бөлінетін қаржы көптеген елдерден 10 есе, ал дамыған мемлекеттерден 50-60 есе аз. Қай ел ғалымы мен ғылымын алақанына салып дәріптеген, сол ел ғылыми жаңалықтарын игеріп, байып отыр.

Академия президенті кезінде Өмірзақ Сұлтанғазин ғылым тиімділігін азайып бара жатқанының себебін дұрыс түсінбей, кейбір басқару жүйелері ғылымға орынсыз талап қоятынын атап-атап айтушы еді. Ол әртүрлі мінберлерден ғылыми ізденістердің азаяуының негізгі себептері, біріншіден, ғылымға бөлінетін қаржының тапшылығынан, екіншіден, Қазақстан экономикасының ғылыми жаңалықтарды жедел игеруге ынтасы жоқтығынан, икемі аздығынан дейтін.

Біз Өмекеннің ғылымға кірген кедейшіліктің

лауреаты, КСРО Ғылым академиясының, Ақдәулаевтың Ғылым академиясы сыйлықтарын алды. Ресейдің К.Э. Циолковский атындағы Космонавтика академиясының мүше-корреспонденті, Қашықтықтан зондтау жөніндегі Канада ғылыми қоғамының мүшесі, Қазақстанда математиктер ұлттық қоғамының төрағасы болды. Көптеген мемлекеттік атақтармен марапатталды.

Осындай дарынды ғалым, шебер ғылым көшбасшысын Қазақстан жұртшылығы жақсы білетін, ел алдындағы құрметі өте жоғары еді. Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, осы міндеттер де үлкен жауапкершілікпен атқарып жүрді.

2001 жылы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың “Бейбітшілік энципентрі” атты кітабы жарыққа шықты. Елбасының қай жазба еңбегі болсын қалың жұртшылықтың, оның ішінде шетел азаматтарының назарын аударатыны мәлім десек, аталмыш кітап әлемдік саясатта алар орны жағынан бұрынғы еңбектерінен де артық болып, оның тұсаукесеріне көптеген халықаралық ұйымдардың өкілдері мен мемлекеттік қайраткерлер қатысты. Тұсаукесер рәсімін ашып, жүргізіп отырған, кітапқа бірінші болып жоғары баға берген академик Өмірзақ Сұлтанғазин болды. Бұл оның Елбасымен жарастығының, Елбасы құрметінің айқын сипатын танытты. “Өмекен — бекзаттық болмысымен, ғылымға сіңірген еңбегімен үлкен абырой-беделге ие болған қайраткер тұлға, зиялы азаматтардың бірі еді. Мақсатты ізденісі арқылы ғылым саласында үлкен жетістіктерге жетті, көкейкесті мәселелермен айналысып, көп істі тындыра білді. Халқы барда оның осы еңбегі ұмытылмасына сенемін” — деп, оның өмір жолын өте жоғары бағалап еді Нұрсұлтан Әбішұлы академик дүниеден өткенде оның отбасына көңіл айтқан жеделжағында.

Иә, Өмекен бекзат алам еді. Бүкіл өміріне ар ұятын серік етіп өтті. Өмірзақ Махмұтұлы ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтан кейін халықаралық дәрежеде танылған қазақ оқымыстыларының бірегейі. Қанекен дәстүрін тікелей жалғастырған мұрагері деп толық айта аламыз. Өмекен шыққан жана белес — ғарыш ізденістері Қазақстан ғылымына мезгел кеткен бағыт-бағдары.

Өмекен өмірден өткендегі қошқасу сөзімде: “Өмірден өтті парасат патшасы” деп едім. Бұл сөзімнің еш артықшылығы жоқ. Ол жаны таза, сирек кездесетін қарапайым алам еді. Атағы жер жарып, есімін бүкіл халық құрметпен атаған кездерде де өзіне мансап тілеп, пендешілік жасағанын көрмедім. Барынша өлді. ауыр сөзден аулақ жүретін, жанашырлығы мол, әрбір мәселені терең ойланып, асықпай шешетін осы бір сабырлы да сом тұлға өзімен кездескендердің ерекше құрметіне ие болды. Украина Ғылым академиясының президенті Ю.Осипов, Германиядағы атакты дәрігер, Нобель сыйлығының лауреаты Хуберт Е.Блюм, қазақ ғылымының абызы, академик С.Зиманов, ғылым дарбазысы М.Қозыбаев және басқа да Өмекенмен өмір жолында кездескен азаматтар оның ірі ғалымдығын, білікті басшы болғанын, әсіресе азаматтық ірлігін өз естеліктерінде атап айтты.

Барынша мейірбан, жаны жайдары азамат еді Өмекен. Сонау бала кезінен бірге өсіп, ескі жауершілік заманнан тарихта аты қалған Қостанай өңіріндегі Қараобада мектепті бірге бітіріп, ҚазМУ-дің физика-математика факультетіне бірге түсіп, Райхан Ғаниқызымен шаңырақ көтергеніне биыл жарты ғасыр болды. Осы шаңырақтың астында алтын асықтай балалары — Жанат, Салтанат, Алмас ержетті, немерелер дүниеге келді. Өмекеннің балаларына, немерелеріне деген сүйіспеншілігінің өрқашанда куәсі болдық. Қазіргі қазақ елінің қара шаңырағы дәрежесіне көтерілген осы отбасының досы көп, тілекшілері мол.

Биыл Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазиннің туғанына 70 жыл. Артында ормандай шәкірттері, өзі құрған тиімділігін азайып қалды. Қазақ ғылымы өркениеттің жана сағасына талпыну үстінде. Қазақ сахарасының дана, дарынды перзентін елі ұмытқан жоқ, ұмытпайды да. Өмекен барша жұрт мойындаған игі жақсы еді, тарихта жақсы деген аты қалды. Өмекен әлем мойындаған талантты ғалым еді, артында өлмес хаты, мол мұрасы қалды. Оның ғылымға шынайы берілген өнегесінен, кісілік ірлігі мен даралығынан үйренеріміз өте көп. Келесі ұрпақтарға да осындай жемісті жол тілейік.